

ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУ НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ БЕЛСЕНДІЛІКТЕРІН АРТТЫРУ

Ирсакова М.А., Тажиева Ә.Қ.

Тараз қаласы, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

Қазіргі уақыт талаптары мектеп оқушыларының шығармашылық қабілеттерін, білім алудағы дербестігін мақсатты түрде дамытып отыруды міндеттеп отыр. Сондықтан да барлық пәндерді оқыту мазмұнын жетілдіру, оқытудың жаңа технологияларын қолдану – айрықша өзекті мәселе.

Елімізде оқыту мазмұны жаңартылып, енгізілген жаңа буын оқулықтары көп деңгейлі, интеграцияланған, дамыта оқыту жүйесі қағидаларына сай құрылғандығымен ерекшеленеді. Сондықтан да бастауыш білім берудегі жаңа буын оқулықтарының деңгейлігіне қарай жаңа технологияларды қолдана отырып оқыту педагогикалық үдеріске кеңінен сіңгенін және бүкіл білім беру жүйесіне әсерін тигізіп отырғанын назарға алу керек.

Қазіргі бастауыш мектептің ең маңызды міндеті – оқушыларға заман талабына сай білім беру. Бастауыш мектеп балаға білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқу, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді.

Бастауыш мектеп оқушы тұлғасы мен санасының дамуы ерекше құнды, қайталанбас кезең. Қазіргі таңда бастауыш сынып оқушысын ойы ұшқыр, қабілетті жеке тұлға ретінде қалыптастыру үшін оқу үрдісін жан-жақты жаңаша ұйымдастыра білу талап етіледі. Сондықтан да сабақ барысында жаңа технология элементтерін тиімді қолдана білуіміз абзал.

Білім саласындағы инновациялық өзгерістер оқытудың негізі ретінде тұлғалық дамуды қарастырады. Жаңа технологиялар теориялық тұрғыда дәлелденіп, тәжірибеде жақсы нәтижелер беруде. Жаңа педагогикалық технологияларды күнделікті сабақ үрдісінде пайдалану барысында әр мұғалім оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, өзінің педагогтік шеберлігіне қарай қолданады. Жаңа технологиялар - оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, ой ұшқырлығының шыңдалуына, эстетикалық көзқарастарын пайымдауына, баға беруіне, танымдық белсенділігін дамытуға бағытталған.

Жаңа педагогикалық технологияларды оқу үрдісінде қолдану арқылы оқуға шығармашылықтың енуі, мұғалім мен оқушы арасында ынтымақтастық, өзара әрекеттестік сипатындағы жаңа әлеуметтік қатынастың пайда болуы, жеке тұлғаның дамуына жағдайдың туғызылуы, яғни жеке тұлғаға бағдарланған оқу, тұлға дамуының сыртқы әсермен бірге оқушының ішкі түрткілері негізінде жүргізілуі жүзеге асырылады.

Бастауыш білім беруде педагогикалық технология элементтерін тиімді қолдану мұғалімнің шеберлігіне негізделеді. Жаңаша оқыту барысында оқу танымдық негізінде жекебас тұлғасын тәрбиелеу қойылып отырған қазіргі кезеңде мұғалімнің негізгі қызметі оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру және басқару болып табылады.

Оқушыларды заман талабына сай оқыту – қазіргі бастауыш мектептердің ең маңызды міндеттерінің бірі. Бастауыш мектеп оқушы тұлғасы мен санасының дамуы, қуатты жүретін ерекше құнды, қайталанбас кезең. Бастауыш сыныптарда білім берудегі дамыта оқыту процесі – бастауыш сынып пәндерін дамыта оқытуды теориялық жағынан негіздеп, мазмұны мен шарттарын анықтап, әдістемесімен қамтамасыз ету болып табылады.

Заманауи педагогикалық технологиялардың ерекшеліктеріне сүйене отырып, оның тиімді әдіс – тәсілдерін жетілдіре отырып, оқушылардың шығармашылығын арттыруға; оқушылардың ойлау қабілеттерін жетілдіріп, білім сапасын көтеруге; пәнге деген бейімділігі, қызығушылығын арттыруға болады. Әсіресе бала табиғатына жақын ойын технологиясын сабақ барысында қолдана арқылы біз оқушылардың қызығушылығын, ой ұшқырлығын, тапқырлығын дамытып, пәнді жан-жақты меңгертуге мүмкіндік туындайды.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің оқу– тәрбие жұмысының негізгі саласы сабақ. Сабақ үстінде оқушылардың біліктілігі, іскерлігі, дағдысы, дүниетанымы дамиды. Негізгі бетбұрыс оқушы білімінің сапасын арттыру, ол дегеніміз түпкі нәтижені көре білу, яғни оқушыға

берген біліміміздің қайтарымын көру. Ол үшін сабаққа сыныптағы оқушының барлығын қызықтыра отырып қатыстыру қажет. Әр оқушының сабаққа қызығушылығы, дүниетанымы, даму ерекшеліктері әртүрлі. Сондықтан оқушылардың осы топтарына әртүрлі деңгейде талап қоюға тура келеді. Ал ойын элементтері кез-келген оқушының қызығушылығын тудырады. Ойын арқылы берілген тапсырмаларды асқан қызығушылықпен, белсенділікпен орындайды. Оқушылардың қызығушылықтарын туғызатын ойындардың бірі — дидактикалық ойындар.

Атақты педагогтар В.А.Сухомлинский, Н.К.Крупская, К.Д.Ушинский ойынның балалардың ой өрісін дамытуда, дүние танымын қалыптастыруда практикалық маңызы зор екенін атап көрсеткен. Қазақ халқының ұлттық ойындарының педагогикадағы ролі туралы алғашқы пікірлерін айтқан Ә.А.Диваев, М.О.Әуезов.

Ойын арқылы оқыту технологиясы бастауыш сыныптарда кеңінен қолданылады. Әр мұғалім сабақта ойын түрлерін қолданудың нәтижесінің дұрыс болуы үшін мынандай жағдайларды ескеруі қажет:

- Әр ойынның тәрбиелік, білімділік, дамытушылық маңызын алдын-ала жете түсініп, оның балаларға қандай нәтиже беретіндігін анықтау;
- Ойын жүргізетін орынның мүмкіндігі, ойын жабдықтарының эстетикалық талаптарға сай болуы, алдын – ала әзірлеу;
- Сыныптағы оқушылардың жас, психологиялық ерекшеліктеріне, білім деңгейлеріне, сөздік қорына сәйкес келуі;
- Ойын кезіндегі қозғалыс, техникалық қауіпсіздіктен қамтамасыз ету;
- Ойынның, сабақтағы ойын элементтерінің оқушылардың ынтасын тартып, пәнге деген қызығушылығын арттыруға бағытталуы.

Бастауыш сыныпта қазақ тілін үйрету барысында ойындардың алатын орны ерекше. Әр сабақтың тақырыбына сай ойындарды пайдаланып отыру оқушылардың тіл ерекшеліктерін үйренуге деген қызығушылығын, ынтасы мен зейінін арттырады. Басты мақсат – ойын әрекеттері арқылы тілдік материалдарды меңгертіп, сөздік қорды молайтып, тілдесу әрекетіне жетелеу.

Сабақта ойын түрлерін қолдану барысында грамматикалық анықтамаларды, тілдік нормаларды игерту мүмкіндіктері артады. Жас баланың ой-өрісі ойын арқылы дамиды, адамгершілік қасиеттері, өмірге деген көзқарасы, қызығушылығы қалыптасады. Ойын арқылы сыныптағы үлгерімі төмен оқушыларды да сабаққа қатысу белсенділігін арттыруға болады.

Бастауыш сыныпта қазақ тілі сабақтарында рөлдік ойындардың маңызы зор. Ойын оқушылардың сол орындалатын іс-әрекеттер арқылы тіл үйренуге деген сенімін қалыптастырады.

Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшелігіне назар аударсақ олар әлі де ойын баласы. Сондықтан да бастауыш сыныптың оқу-тәрбие үдерісінде дидактикалық ойындарды қолдана отырып оқушылардың тілін дамытуға, ойын, қиялын ұштауға, сөздік қорын байытуға, жан-жақты дамыған шығармашыл тұлға тәрбиелеуге мүмкін туады. Атап айтсақ, бастауыш сыныптың қазақ тілі сабағында «Жалғасын тап», «Қай сөзді жоғалттым?», «Үндемес», «Сөйлем қуаласпақ», «Не қажет?», «Домино», «Кім жылдам?», «Бұл қалай өзгерген?», «Тапшы, кімнің дауысы?», «Әріп таңдау», «Қай буынды жоғалттым?», «Өз атыңды буынға бөл», «Ойлан тап», «Бәйге», «Ұшты – ұшты»

«Суретті лото», «Сұрақ қой», «Ғажайып алаң», «Жеті күн» т.б. ойындарды кеңінен қолданса болады[28].

Ойын түрін тақырыптың мазмұнына қарай, сабақтың мақсатына, жас ерекшелігіне сәйкес таңдау керек. Мысалы, бірінші сыныпта «Буын» тақырыбын өткенде «Өз атыңды буынға бөле білесің бе?», «Сыныптағы заттардың атын ата» т.б. ойын түрлерін пайдаланған орынды. Бұл тақырыпты өткенге дейін оқушы «Әліппені» тәмәмдап, «Қазақ тілі» пәнінің едәуір бөлігін меңгереді. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды, олардың жуан және жіңішке болып бөлінетінін біледі, сондай-ақ дауысты дыбыс бар сөздерге көңіл бөліп, олардың сөздегі орны мен маңызын ұғып алады. Ауыз-екі және жазба жаттығу жұмыстары, суреттер

арқылы әңгіме жүргізіледі. Ендігі жерде мұғалім оқушылардың осы білім қорына сүйеніп, ойын элементтерін тиімді қолдана алады[29].

Бастауыш сыныптарда халық ойындарының негізінде түрлі жарыстар өткізудің танымдық, тәрбиелік маңызы зор. Мысалы, мұғалім алдын ала жасап әкелген таратпа материалдар арқылы сөздегі жоқ дыбысты немесе сөйлем ішіндегі түсіп қалған сөздерді тауып, орнына қоюға арналған «Не жоқ?» ойынын өткізуге болады.

... егін егеді.

Екінші егеді егін

Мұндай сөздер, сөйлемдер, орны бос тұрған, дыбысы түсіп қалған сөздер көптеп алынады олардың орындары бірнеше рет қайталанып, өзгертіліп қойылады. Ойын соңында қорытынды шығарылады.

«Жалғасын тап» ойыны.

Мақсаты: Мақал-мәтелдерді есте сақтау қабілеттерін арттыру.

Ойын шарты: Мақал екі қатарға жазылады. Бірінші қатарда басы, екінші қатарда соңы жазылады. Мақал басы мен соңының орындары ауыстырылып жазылады. Оқушының міндеті тілдік сызықшамен қосу арқылы әр мақалдың толық мағынасын шығару.

- | | |
|--------------------------|-------------------------|
| А) Ақыл-дос | ана көрген тон пішер |
| Ә) Жүз теңгең болғанша | ашу-дұшпан |
| Б) Туған елдей ел болмас | жүз досың болсын |
| В) Ата көрген оқ жонар | туған жердей жер болмас |

«Сөздерді тап» ойыны.

Алдын-ала дайындалған сөздер қима қағаздарға жазылып таратылады. әр оқушы сөздің ішінен сөздерді табу керек. Бұл ойынға оқушылардың мүмкіндігіне қарай 5-6 минут беріледі.

Қарлығаш – қар, қара, қыш;

Қызғалдақ – қыз, қала, дақ, лақ, ыза;

Намысқой – намыс, қамыс, мыс;

Кемпірқосақ – қос, сақ, қас, кемпір;

Танысу – таны, таныс, су.

«Кім тез?» ойыны. Интерактивті тақтадан суреттер көрсету. Әр қатардан 4 оқушы сурет бойынша сөйлем ойлап айтады. Интерактивті тақтадағы суреттерді (лақ, жайлау, доп, балалар, жаз, гүл) қатыстырып тез сөйлем ойлайды. Мысалы, Балалар жазда доп ойнайды.

Қазақтың ұлттық ойындарының ішінде асықпен байланысты ойындардан тұрады. Асықты «Сен айт», «Мәтінді жалғастыр» ойындарында қолдануға болады. Бұл ойындар асық лақтыру арқылы жүреді де, баланы шапшандыққа, тез ойлауға дағдыландырады. Сабақта ұлттық ойын элементтерін қолдану барысында мұғалім сөздермен таныстырады, дұрыс айтуға үйретеді, салт-дәстүрді сүюге тәрбиелейді.

Ойын технологиясын қолданған кезде оқушылардың ойлау қабілеті өте жақсы дамиды. Сабақта ойын элементтерін екі түрлі мақсатта пайдаланамын. Оның біріншісі-оқушының сабаққа қызығушылығын, ынтасын арттыру, тілін дамыту, екіншісі-оқушыларды тапқырлыққа баулып, зейінін, байқампаздығын арттыру және ойлау қабілетін дамыту.

Оқушыларды білімге жетелейтін, пәнге деген қызығушылығын арттыратын әдістің бірі-грамматикалық ойындар. Бұл ойындарды сабақта жиі қолданамын. Ондай ойындар барысында баланың сөйлеу тілі дамиды. Қазақ тілінің фонетика саласы бойынша жүргізуге болатын ойын түрлері өте көп.

«Жоғалған әріп» ойыны.

... ор, ... алық,...ота, та... а,... оран.

Тіл білімінің лексика саласын меңгерту, пысықтау мақсатында пайдаланылған бұл ойын түрлері шәкірттердің осы саладан алған білімдерін кеңейтуге, нығайтуға үлкен ықпалын тигізеді. Тіл білімінің лексика саласын өту барысында мына төмендегідей ойын түрлерін өткіземін.

«Кім тапқыр?». Антонимдері бар мақал-мәтелдер жазу. Мысалы:

Ұзын-..., аласа-...

Бастауыш мектепте ана тілі және қазақ тілі пәнін оқытудың түпкі мақсаттарының бірі- халқымыздың әдет-ғұрпын, тарихын, тілін, мәдени мұраларын танып-білуге талаптандыру, оларды құрметтеуге тәрбиелеу. Қазақтың ұлттық ойындары елдің өмірімен тығыз байланысты, өйткені олар шаруашылық, экономикалық, әлеуметтік тұрмыстан туындаған. Қазақтың ұлттық ойындары: көкпар, сайыс, теңге алу, қыз қуу, аудармақ, жамбы ату, күрес, білектесу, бәйге, жаяу тартыс т.б. спорттық сипатпен бірге үлкен тәрбиелік маңызға ие [39, 40]. Осындай ойын элементтерін пайдалана отырып іскерлік, сабақ, дәстүрден тыс сабақ, сайыс сабақ, демонстрациялық сабақтар өткізуге болады.

Халық арасында кең тараған ойынның бірі- «Сақина тастау». «Сақина тастау» ойынын көбінесе, үй тапсырмасын сұрағанда пайдаланған тиімді. Алдымен ойын шартын түсіндіріледі. «Түн» деп бұйрық беру арқылы балаларды «ұйықтатып», сол кезде алақандарының арасына алдын-ала сұрақтар жазылып сақина тәрізді дөңгелектелінген түрлі-түсті қағаз «сақиналарды» салып шығамыз. «Күн» дегенде, оқушылар «оянып», мұғалімнің сұрақтарына жауап береді және жауаптар әр түрлі сақиналармен белгіленіп, өздеріне үлестіріледі.

Ақ, қызыл сақиналар- өте жақсы

Сары, ашық көк ашық жасыл түстер- жақсы

Қоңыр, қою, жасыл, қою көк түстер- орташа

Бұдан басқа «Орамал тастау», «Хан қандай?», «Көкпар», «Бәйге», «Асық», «Сиқырлы қоржын», т.б. тәрізді түрлі ұлттық ойындарды сабақ барысында жаңа материалды түсіндіруге, оны қайталап-пысықтауға, бекітіп-қорыту кездерінде жарыс түрінде өткізуге ыңғайлы.

Ойын элементтерін тиімді қолдану бастауыш сыныптарда өте тиімді, себебі тез жазу, оқу, мақмұндау дағдылары қалыптаспаған оқушыларды ойын технологиясы арқылы оқыту жас ерекшелігіне сай, пәнді сүйеге, пәнге деген қызығушылығын арттыруға ықпал жасайды.

Сонымен, кез - келген ойын түрлерін сабақта қолдануда оқушылардың белсенді әрекеті артады, дүниетанымы кеңейеді. Ойын түрлерін күнделікті сабақ үрдісінде пайдаланудың тиімділігі заманымызға сай білім беруде пайдасы зор. Бастауыш мектептің қазақ тілі пәнінде ұлттық ойындарды қолдану барысында оқушыларды халқымыздың әдет-ғұрпын, тарихын, тілін, мәдени мұраларын танып-білу, құрметтеуге тәрбиелейміз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Ү.Жаздықбаева, Ж.Тажиева. Жаңа адамды тек жаңашыл ұстаз тәрбиелейді. Әдістемелік құрал. - Шымкент, 2001.
2. К.Бұзаубақова. Жаңа пед технологияны меңгеру – міндет. Қазақстан мектебі, №9-10. 2005.
3. Қ.Ыбырайжанов. Педагогикалық технология. Бастауыш мектеп №8, 2005.
4. Сабиров Т. Оқыту теориясының негіздері. –Алматы, 2004.
5. Ж.Аяпова. Білім беру технологиясының жетілдірудің психологиялық және педагогикалық сипаттары. Бастауыш мектеп, № 5-2003.
6. Л.Аяғанова. Жаңа технологиялар-сабақта. Бастауыш мектеп, № 4-2003ж.
7. Рахметова С. Кіші жастағы оқушылардың жазу тілін дамыту. – Алматы: Рауан, 2008.
8. Бұзаубақова Қ.Ж. Жаңа педагогикалық технология.- Алматы: Алматы, 2004.